

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КІТАПХАНАСЫ ЖАҢА 30 ОҚУЛЫҚПЕН ТОЛЫҚТЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне аударылған 30 жаңа оқулықтың тұсаукесеріне арналған конференция өтті.

"BIZDІŃ ELІTA – НАША ЭЛИТА" АТТЫ КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың отандық білім беру бренді ретінде анықтайтын басты көрсеткіш – бұл түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–біздің замандастарымыздың кәсіби жетістіктерін насихаттау мақсатында Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде алғаш рет үш томдық "Bizdın elita – Nasha elita" атты кітабын шығарды. Жобада Ұлы тұлғалар туралы 671 қысқаша очерк келтірілген.

ДУАЛОГ АЛАҢЫ

Алматыда ҚР СІМ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және ИЫҰ Бас хатшылығының бірлесе ұйымдастыруымен «Исламды жақындастыру бойынша бастама: ИЫҰ-ға мүше-мемлекеттердегі бейбітшілік пен қақтығыстарды реттеу жөніндегі перспективалар» атты екі күндік халықаралық семинар өтті.

Шараға Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ) мүше мемлекеттердің дипломаттары, Қазақстандағы шет елдердің дипломатиялық корпусының өкілдері, көрнекті ғалымдар мен сарапшылар қатысып, ИЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы дауларды, ислам мемлекеттерінің аумағындағы реттелмеген жанжалдарды бейбіт шешу мақсатында исламдық жақындасудың бірлескен қазақ-түрік бастамасының мәселелерін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов семинарға қатысушыларды университет атынан құттықтап, ИЫҰ әлемдік саяси архитектураның ажырамас бөлігі болып табылатынын және Ислам ынтымақтастығы мен әлеуметтік-саяси жауапкершіліктің уағыздауын бүкіл ислам қауымдастығының жүйе құраушы өзегі екенін атап өтті.

Қазақстан ИЫҰ мүше елдердің құрамына кірген сәттен бастап Ұйымның қызметіне белсенді қатысады. Қазақстан ұсынған мемлекетаралық қатынастарды, ислам әлемінің экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту жолындағы бастамалар ұйым мүшелері тарапынан оң пікір мен қолдау тапты.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 3-бетте



Конференция жұмысына ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ұлттық комиссияның хатшысы Балаева Аида Ғалымқызы, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Биғари Рүстем Айдарбекұлы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы, Қазақстан ЖОО ректорлары, проректорлары, әлеуметтік-гуманитарлық факультеттер мен кафедралардың декандары мен меңгерушілері, Алматы қаласы жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы, қазақ тіліне аударылған жаңа оқулықтардың аудармашылары мен редакторлары қатысты.

Модератор ретінде сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов 12 сәуір күні екі жыл толған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Бағдарлама аясында лингвистер мен мамандар шетелдік авторлардың үздік оқулықтарын қазақ тіліне аудару жұмыстарын табысты жүргізуде. Өткен жылы тіл мамандары алғашқы 18 жаңа оқулықты енгізген еді, бүгін тағы 30 жаңа оқулық таныстырылды.

«Өткен екі жыл ішінде біз осы жобаның дер кезінде және жоғары сұранысқа ие екеніне тағы да көз жеткіздік. Жаңа оқулықтардың арқасында ғылыми айналымға әлемде болып жатқан заманауи әлеуметтік процестерді түсіндіретін жаңа теориялар мен тұжырымдамалар енгізіледі. Бұл жоба әлемдегі жаһандық азаматтық білім беру ретінде заманауи білім беруді дамытудағы маңызды трендті ескереді. «Global Citizenship

EDUCATION» жас тұлғаны жаһандық қоғам мүшесі, әлем азаматы ретінде және өз елінің патриоты ретінде даярлау мен оқытуды көздейді», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

ҚазҰУ-дың білімді де білікті оқытушылары оқу үдерісіне аударылған оқулықтарды енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеп, жариялағанын атап өткен жөн. ҚазҰУ-да Қазақстан ЖОО оқытушыларына арналған әлеуметтік-саяси білім модулі негізінде «жалпы білім беру пәндері» циклінің жаңартылған мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылған.

Өз кезегінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ұлттық комиссияның хатшысы Аида Балаева қоғамға осыдан бір жыл бұрын таныстырылған 18 алғашқы оқулық Қазақстандағы жоғары білім беру ісінің мазмұнын жаңарту үшін жағдай жасағанын атап өтті. «Биылғы жылы шығарылған 30 жаңа оқулық біздің ЖОО әлеуетін дамытуға елеулі үлес қосады деп үміттенеміз», – деді А. Балаева.

Жаңа оқулықтар дүние жүзі тарихы, әдебиет теориясы, халықаралық құқық, педагогика, интернет-психология, стратегиялық менеджмент, маркетинг, медиа және іскерлік коммуникация, дипломатия және өнертану саласындағы кең ауқымды білімді қамтиды.

Мәселен, «Панорама: дүниежүзі тарихы» оқулығы McGrawHill баспасының 2 томында адамзаттың дамуына ауқымды шолу жасайды. Материалды баяндау әдістемесі тарихи процесс туралы кең түсінік береді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Nur Otan партиясының Мемлекет басшылығына үміткер ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын бекіту жөніндегі шешіміне пікір білдірді.

МАҢЫЗДЫ СЯСИ ШЕШІМ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Мемлекет басшылығына үміткер ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын белсенді қолдайды. Оқытушылар мен студенттер кезектен тыс Президент сайлауына қызу

қатыса отырып еліміздің болашақ өркендеуі жолына таңдауларын жасап, өздерінің жауапты азаматтық позицияларын танытады», - дейді ҚазҰУ ректоры.

Өз тілшімізден

Nur Otan партиясының кезектен тыс XIX съезінде барлық қазақстандық қоғам үшін маңызды саяси шешім қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентіне үміткер ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын бекіту – халықтық мүддеге сай келеді және Елбасы айқындаған ел дамуы стратегиялық бағытының сабақтастығын қамтамасыз етеді», - деп атады ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Бұл Ұлт көшбасшысының зор сенімі және үлкен жауапкершілік. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тұңғыш Президентпен тәуелсіз Қазақстанды құру бастауынан бірге келе жатыр және елімізді халықаралық аренада танытып келеді. Ол ең жоғары мемлекеттік деңгейдегі басшылық қасиеттердің барлығын менгерген. Оның тәжірибесі мол, Үкіметті, Сыртқы істер министрлігін, ҚР Парламент Сенатын басқарды, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болды. Маңызды мемлекеттік реформалар мен даму бағдарламаларын іске асыруға тікелей қатысты.

РЕКТОРАТ

«KELISIM» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Кезекті ректорат мәжілісінде QS рейтингінде алға жылжу бойынша кафедралардың жол карталарының орындалу барысы кеңінен сарапқа салынды.



Бұл туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы QS WUR-дегі көрсеткіштердің мониторингі туралы баяндама жасап, оның жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын айтты. Сондай-ақ ол биылғы жылы факультеттерде ағылшынша білім беру бағдарламаларында оқитын студенттердің контингентін арттыру қажеттігін алға тартты.

Кезекте заң факультетінің деканы Дәулет Байделдинов «Kelisim» конфликтология және медиация орталығын құру туралы баяндама жасады.

«Медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келуді талап етеді. Медиацияның сот өндірісінен айырмашылығы – «кінәлілер» мен «кінәсіздер»

деген тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Осы ретте университетімізде «Kelisim» конфликтология және медиация орталығын құру білім беру қызметінің субъектілері арасындағы даулы жағдайларды реттеу, білім беру кеністігінде жанжалдарды шешу, оның алдын алу бойынша сапалы қызмет көрсету, тәжірибедегі медиаторларды дайындауды мақсат етіп отыр», - деді Дәулет Байделдинов. Сондай-ақ жиын аясында университеттің 85 жылдығы және түлектер қауымдастығының 20 жылдығына арналған II түлектер форумына дайындығы туралы университет түлектер қауымдастығының атқарушы директоры Күлғазира Балтабаеваның хабарламасы тыңдалып, мәжіліс барысында өзге де өзекті мәселелер талқыға салынды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

QYSQA-NUSQA

Жыырда Madridтің Complýtense Ұниверситетінің (UCM, Испания) Filologia fakúltetінің shaqyrtýymen QazUÝ-dyń shyǵystaný fakúltetindegi shyǵys elderінің profesorлары Chan Beng Sýn jáne Miong Sýn Ok Qıyr Shyǵystan Shyǵys Fınlándıanyń (EFU, Fınlándıa) Gýmantarlıyq ۇnıversıtetıńıń Azıalyq Qoǵamdastyq mektebıńıń stýdentteri, magistrantтары мен doktorantтарына arнай dáristerge oqydy.

Eki ۇnıversıtettegi dáristerge «One Asia» (Japonıa) halyqaralyq jobasynyń aiasynda «Shyǵys Aziadaǵy Soltústik Koreıanyń iadrolyq qarýmen birge qaýıpsızdigi» jáne «Áleýmıttik osal azamattyq jáne Azıalyq qoǵamdastyq» taqyrybynda dárısshı Chan Beng Sýn men Miong Sýn Ok dárıs berdi.

Bylǵy jyly Madridтің Complýtense ۇnıversıtetinde jáne Shyǵys Fınlándıa ۇnıversıtetinde Azıalyq qoǵamdastyqtyń kýrsy bastaldy, al 2012 jyldan bastap Al-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ۇnıversıtetinde ótip kelgen. «Azıa-Tynyq muhıty» qory azıalyq elder arasyndaǵy gúldeńy, turaqtylyq pen ómir súrıdın maqsaty bolyp tabylatyn Azıalyq qaýymdastyq baǵdarlamasyna qatysatyn ۇnıversıtetter men akademikterge qarjylaı kómek kórsetedi. Qazirgi ýaqıtta osy jobaǵa álemniń 300-den astam ۇnıversıtetı qatysady.

Ál – Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń 85 jylдық merıtoıyna arnalǵan V Halyqaralyq «Fýnksıonaldy materialdardyń himialyq tehnologiasy» atty Resei – Qazaqstan ǵylymı-tájirbelik konferensıasy ótedi.

V Halyqaralyq «Fýnksıonaldy materialdardyń himialyq tehnologiasy» atty Resei-Qazaqstan ǵylymı-tájirbelik konferensıasy uıymdastyry komıtetı ǵylymı qyzmetkerlerdi, stýdentterdi, aspirantardy, jas ǵalymdardy Novosıbrsk memlekettik tehnikalyq ۇnıversıtetinde 16 – 18 мамыr aralyǵynda ótetin konferensia qyzmetine belsendi atsalysyǵa shaqyrady.

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń Fızıkalyq himia, katalız jáne munai himiasy kafedrasynyń "Munaihımia" mamandyǵynyń 1-kýrs doktorantary pedagogikalyq tájiribeden ótyde. Tájiribe aiasynda "Júrekteń júreкке" atty is-shara uıymdastyryldy. Oǵan bakalavriattyń tómenge kýrs stýdentteri belsendi qatysyp, is-shara jaqsy kórinis taptı. Uıymdastyryshy dosent J. H. Tashmýhambetovany stýdentterdiń kónil-kúleri kóterilip, viktorınanyń tapsyrmalaryn birge sheshe otyryp, bir-birin yntalandyryp jáne bilim merikesiniń atmosferasy qalyptasqany baıqalǵanyn atap ótti.

Islam Yntymaqtastyq Uıymnyń Bas Hatshylyǵy, Qazaqstan Respyblikasynyń Syrtqy İster Ministrligi jáne Al-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ۇnıversıtetı Almatyda 22- 23 sáýir aralyǵynda «Islamdy jaqyndastyry boyynsha bastama: İYU-ǵa mıshe-memleketterdegi beıbitshilik pen qaqtyǵystardy retteı jónindegi perspektivalar» atty halyqaralyq seminar ótkizdi. Seminarǵa İYU mıshe-memleketteriniń diplomattary, Qazaqstandaǵy shet elder diplomatalyq qorpystarynyń ókilderi, kórnekti ǵalymdar men sarapshylar qatysty. Atalmysh is-sharada islam memleketteri tentoriasyndaǵy rettelmegen qaqtyǵystar men İYU-ǵa mıshe-memleketter arasyndaǵy sheshilmegen daýlardy sheshy maqsatyndaǵy Islamdy jaqyndastyry týraly birlesken qazaq-túrik bastamasynyń ózekti taqyryptaryn dialogtyq alańda talqylady. Sonymen qatar seminar barysynda qaýıpsızdiktı, adam quqyǵy men zańnyń ústemdigin qamtamasyz ety boyynsha ozyq tájiribeler almasty.

Жалғасы. Басы 1-бетте

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КІТАПХАНАСЫ ЖАҢА 30 ОҚУЛЫҚПЕН ТОЛЫҚТЫ



Экономика және кәсіпкерлік саласындағы оқулықтар сериясын кеңейту мақсатында осы саладағы белгілі мамандардың жұмыстары ауыстырылды. Бұл Джон Гэмбл бастаған авторлар тобының «Стратегиялық басқару негіздері», Ник Уилтон «HR – менеджментке кіріспе», Стивен Робинстің «Ұйымдастырушылық мінез-құлық», Чарльз Хиллдің «Халықаралық бизнес: жаһандық нарықтағы бәсекелестік», Ларри ДИМаттео және т.б.

Көптеген белгілі еңбектер әлемнің ондаған тіліне аударылды және әлемдік гуманитарлық білім беруді дамытуға ықпал етті. Бұл кітаптарды қазақ тіліне аудару мен басып шығару қазақ жоғары білім берудің дамуына және ғылымның нығаюына елеулі үлес қосады. Кітап аудару жұмысына жоғары оқу орындарының жетекші оқытушылары, редакторлар, тәжірибелі аудармашылар мен лингвистер қатарынан 300-ден астам мамандар қатысты. Әрбір жаңа 30 оқулықтың таралымы 10 000 дананы құрайды. Жаңа оқу жылына қарай оларды 112 жоғары оқу орны алады. Оқулықтардың электрондық нұсқалары "Қазақстанның ашық университеті" порталында еркін қолжетімді болады – www.OpenU.kz.

Конференция жұмысы барысында қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру аясында аударылған және басып шығарылған отыз жаңа оқулықтың көрмесі ұсынылды.

Баспасөз қызметі

ҚазҰУ Орталық Азия аймағында бірінші болып «Кеден ісі» білім беру бағдарламасын аккредитациялау туралы сертификатқа ие болды

Жалғасы. Басы 1-бетте

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Семинар ислам мемлекеттерінің аумағында дауларды және реттелмеген жанжалдарды бейбіт жолмен шешу мақсатында исламдық жақындасу бастамасының өзекті мәселелерін талқылау бойынша диалог алаңына қызмет етеді.

«Осыған байланысты жаһандыққа қарсы тұру мен қақтығысқа емес, жаһандық интеграцияға бағытталған саясатты қалыптастыру саласында ұжымдық шаралар мен күш-жігерді қабылдау сөзсіз қажеттілік болып табылады.

Бұл үдерісте Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы маңызды рөл атқарады және биыл аталмыш ұйым 50 жылдығын атап өтеді. Оның негізгі міндеті ислам үметінің ішінде де, әлемдік деңгейде де бірлік пен келісім идеяларын алға жылжыту болып табылады», — деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Өз кезегінде Оман Сұлтанатының ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайд бен Мохаммед Али аль-Барами мырза Қазақстан Республикасына бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі және төраға ретінде соңғы екі жылда бірқатар маңызды бастамалар мен ұсыныстар ұсынып, зор үлес қосқаны үшін үлкен алғысын жеткізді.



«ИЫҰ-ның ынтымақтастық шеңберінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен алғаш рет ғылым мен технологияларға арналған Саммит өткізіліп, Ислам ұйымы ҚР астанасында штаб-пәтері бар азық-

түлік қауіпсіздігі жөніндегі ұйымы құрылды. Жакын арада Нұр-Сұлтан қаласында кепіл беретін елдердің қатысуымен сирияаралық келіссөздердің 12-ші раунды өтеді», — деді Сайд бен Мохаммед Әли әл-Барами мырза.

ҚР СІМ-нің арнайы өкілі Қайрат Лама Шариф Қазақстанның бастамаларын жүзеге асыру жайында баяндап, болашақта Исламдық татулық тұжырымдамасын саяси тұжырымдасы ретінде анықтау арқылы бірлескен жұмыстарды атқару мақсатында, саяси ислам әлемінде жаңа қатынастар парадигмасын жасауға шақырды.

Семинар барысында қатысушылар панельдік секцияларға қатысып, ислам елдеріндегі қақтығыстардың тарихы мен табиғатын, дүрбелендердің түпкілікті себептерін анықтау және жою, сенімді нығайту негізінде текетіретерге жол бермеу сияқты мәселелерді талқылады. Сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелермен алмасып, адам құқығы, заң үстемдігі және қақтығыстарды ретке келтіру бойынша ИЫҰ-ның саясаты мен ролімен танысты.

Айта кетерлігі, ҚазҰУ БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық Хабын басқара отырып, тұрақты даму мақсаттарын, сондай-ақ адамзаттың тұрақты дамуы мен жаһандық әлемдегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметі мен халықаралық ұйымдардың бағдарламалары мен бастамаларын жүзеге асыруға атсалысуда.

Гүл БАЯНДИНА

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Мысыр Араб Республикасының уақытша сенімді өкілі Абдельхамид Хани Абдельхамид Эльрафимен кездесу барысында қос университет арасындағы болашақ ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Өзара пікір алмасқан тараптар Қазақстан мен Мысыр Республикасы арасындағы білім және ғылым саласындағы өзара тиімді бағыттарды кеңейтуге тілек білдірді.

ҚазҰУ ректоры мысырлық ЖОО-лар ҚазҰУ-дың бұрыннан берік байланыс орнатқан серіктестердің бірі екендігін атап өтті. Жақында ҚазҰУ ғалымдары әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсатында белгілі Әл-Азхар университетінде (Мысыр) жұмыс сапарымен болды. Делегация Шейх Әл-Азхар Ахмед әл-Тайидің қабылдауында болып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына әл-Фарабидің қолжазбалар көшірмелерінің 28 томдық каталогын және әл-Фарабидің ғылыми

зерттеулерінің электрондық нұсқасын табыс етті.

Айта кету керек, "Рухани жаңғыру" президенттік бағдарламасын және еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласының ережелерін жүзеге асыру аясында ҚазҰУ мен Мысырдағы Қазақстан елшілігінің қолдауымен Каир университетінде әл-Фарабидің ғылыми-білім беру орталығын ашты. Каир университетіндегі Орталық әл-Фараби, Сұлтан Бейбарыс мұрасын ғана емес, сонымен қатар екі достас елдің ортақ тарихи және мәдени құндылықтарын зерттеу мен көпшілікке тарату үшін жақсы тұжырма болады. Осы жылы Әл-Фараби орталығының базасында Каир университетінде алғаш рет қазақ тілін оқыту пәні енгізіледі.

Келіссөздер барысында ректор Ғалым Мұтанов таяу уақытта Мысырда ҚазҰУ филиалы ашылатынын атап өтті. Бұл кадам мамандарды бірлесіп дайындаудағы

ӘРІПТЕСТІККЕ ТОЛЫ ІС-САПАР



өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, академиялық алмасу бағдарламаларын іске асыруға, магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамаларын, оқытушылардың біліктілігін арттыруға, ғылыми-білім беру

бағдарламаларын әзірлеуге ықпал етеді.

Баспасөз қызметі



ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев Чикагоның Иллинойс UIU университетінің халықаралық әріптестік бағдарламалары бойынша директоры Джефф Ванмен кездесті.

Сөз алған бірінші проректор делегация құрамын ҚазҰУ қызметімен егжей-тегжейлі таныстырып, көптеген ЖОО-лармен ынтымақтастық аясында біріккен оқу



бағдарламаларын дайындау мен ғылыми зерттеулер, оқу-ғылыми тәжірибелердің орындалу жолдарына тоқталып өтті.

Өз кезегінде Иллинойс UIU университетінің халықаралық әріптестік бағдарламалары бойынша директоры Джефф Ван Иллинойс

UIU университетінің басты бағыттарын атап, болашақта Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны саналатын ҚазҰУ-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға үлкен қызығушылық танытты. Сонымен қатар тараптар алдағы уақытта көптеген бағыттар

бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас орнату турасын талқылады. Атап айтар болсақ, қосдиплом бағдарламасымен қатар инженерия, химия, биоинформатика, механика, химиялық инженерия бағыттары бойынша бірігіп жұмыс атқару жолдарын қарастырды.

Кездесу соңында делегация өкілдері ҚазҰУ басшылығына алғысын білдіре отырып жоғарыда аталған бағыттар бойынша алдағы уақытта нақты бір шешім қабылданып, екі жақты келісімге келетініне үмітті екенін айтты. Оған қоса аталмыш кездесу қос жоғары оқу орындары арасында халықаралық ғылым мен білімнің алтын көпіріне айналатын ынтымақтастықтың бастауы болатынына сенім білдірді.

Өз тілшімізден

БӘТІШ РАХЫМХАНҚЫЗЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ



Философия және саясаттану факультетінде философия ғылымдарының докторы, профессор Бәтiш Рахымханқызы Қазыханованың туғанына 90 жыл толуына арналып «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген жинақтың тұсаукесері болып өтті. Бәтiш Қазыханова – философия ғылымындағы өзінің қызық әрі қиын жолын жүріп өткен Қазақстанның алғашқы әйел-ғалымдарының бірі.

Салтанатты жиынды ашқан Философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Алия Масалимова Бәтiш Қазыханованың Қазақстанның философия ғылымының эстетика саласының негізін қалаушы ретінде отандық ғылым мен жоғары білімді дамытуға қосқан зор үлесі жайлы сөз қозғады. Алқалы отырыс Қазақстан Республикасы Президенті архиві директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Қайрат Әлімғазинның кіріспе сөзімен басталды. Бәтiш Рахымханқызы Қазыханованың өмірде және қызметте қатар жүрген жанына жақын жандар өздерінің естеліктерімен бөлісті. Жарты ғасырға жуық қызмет атқарған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінде ондаған жылдар көлемінде философиялық мамандықтар бойынша доктор және кандидат дәрежесін беретін Диссертациялық кеңес құрамында бірге болған әріптестері Бәтiш Рахымханқызы Қазыханованы тебірене еске алды. Философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Нағима Байтенова «Бәтiш Рахымханқызы Қазыханованың ғылым мен білім берудегі өмірі туралы», философия ғылымдарының докторы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Тамара Сатубалдина «Дос және ұстаз туралы сөз», философия ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Тұрсын Ғабитов «Бәтiш Рахымханқызы Қазыханова – Қазақстандағы эстетиканың негізін қалаушылардың бірі», философия ғылымдарының докторы, профессор Жанна Бекбосынова «Адам – асқақ естіледі», философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасының

профессоры Жақыпбек Алтаев «Бәтiш Қазыханова туралы сөз», философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Калимаш Бегалинова «Бәтiш Қазыханова қазақ мәдениетін алғашқы отандық зерттеушілердің бірі», философия ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры Дәулетбек Раев «Бәтiш Рахымханқызы – эксклюзив ғалым тұлға» тақырыптары аумағында Бәтiш Қазыханованың жоғары кәсіби деңгейі туралы жан-жақты ой айтылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің аға сарапшысы Алия Сүлейменова Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіндегі Жангелдиндер отбасылық қорының құрамындағы Бәтiш Қазыханованың құжаттарына шолу жасады.

Жинақтың бас редакторы, академик Ғ. Мұтановтың алғысөзімен ашылған кітапқа Бәтiш Қазыханованың «Роль художественного наследия в эстетическом воспитании», «Книга об эстетике Абая Кунанбаева» сынды іргелі жұмыстарымен қатар, қазақ мәдениетін зерттеуге бағытталған «Өнер мен өмір», «Көркем мұра және эстетикалық тәрбие», «Об эстетических принципах творчества М.Тулбаева», «Глобализация культуры и национальное искусство», «Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті» сияқты көптеген ғылыми ізденістері кірген. Және де жинақта, Б. Қазыханованың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы естеліктер, мақалалармен бірге, Б. Қазыхановаға берілген мінездемелер, еңбектері туралы жазылған пікірлер де бар.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
Философия және саясаттану факультетінің доценті

ЖАҢА ОҚУ-ӨНДІРІСТІК КАФЕДРА АШЫЛДЫ

12 сәуір күні Қазақстан Республикасының Президент Архивінде «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «Архив ісі және құжаттану» оқу-өндірістік кафедрасының салтанаты ашылуы өтті. Бұл ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көрсетілген «Архив-2025» бағдарламасының негізгі бағыттары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатындағы тарих, археология және этнология факультетінің ілкімді жобаларының бірі де, бірегейі.



«Архив ісі және құжаттану» оқу-өндірістік кафедрасының салтанатты ашу рәсімін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу ісі жөніндегі проректор А.К. Хикметов пен ҚР Президент Архивінің директоры Ж.Ұ.Әбдіқадырова ашты, сонымен қатар ақпараттық және әкімшілік технологиялар институтының Бас директоры Б.Ә. Жапаров, тарих, археология және этнология факультетінің деканы М.С. Ноғайбаева, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі Г.С. Сұлтанғалиева, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары, ҚазҰУ оқытушылары, студенттері мен магистранттары қатысты.

ҚР Президент архиві әлеуетті жұмыс беруші ретінде ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен дуалды оқыту, бірлескен Жас архившілердің жазғы мектебін ұйымдастыру, қалалық пәндік олимпиада, ғылыми-әдістемелік семинарлар, өндірістік және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін өткізуде тығыз ынтымақтастық орнатып келеді. Өндірістің базасында осындай кафедраның ашылуы болашақта студенттер мен магистранттардың теориялық білімдерін іс жүзінде тәжірибемен ұштастыруымен қатар үлкен оқу-әдістемелік орталығына айналатыны сөзсіз.

Өз тілшімізден

ҒАББАС ЖҰМАТОВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ

Тарих, археология және этнология факультетінде Ғаббас Жұматовтың атындағы аудиторияның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жиын барысында студенттер тарапынан ұйымдастырылған отты жылдар уақытына арналған көрініс көрсетіліп, кітап көрмесі мен фото-сурет көрмесі ұйымдастырылды. Аудиторияны ресми түрде ашу мәртебесін Алматы қаласы, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Хамит Біржанұлы мен соғыс ардагері Тамара Максимоваға табысталды. Салтанатты түрде ашылған оқу аудиториясын тарих, археология және этнология факультетінің деканы М.С.Ноғайбаева таныстырып өтті.

Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының докторы У.Х. Шалекенов, Ғаббас Жұматовтың ұлт руханияты мен ғылымына сіңірген еңбектері туралы жүрекжарды сөздерін, естеліктерін айтып, алдағы уақытта жасалар істерге сәттілік тіледі. Ал Еуразия гуманитарлық институтының ректоры, тарих ғылымдарының

докторы, профессор А.К. Құсайынов: «Ғаббас Жұматовтың ғасырға жуық ғұмыры тек қана еліміздің игілігі, болашақ ұрпақтың бақытына арналып келген екен. Кешегі бейнетті өмірдің зейнетін көретін шақта да ол өзін туған халқының қызметіне әлі де болса жараймын деп есептеді», – деп ойымен бөлісті.

Өмірінің соңғы жылдарын ғылым мен қоғамдық өмірге арнай білген, «Екінші дүниежүзілік соғыс» деген атаумен қалған сол соғысты басынан өткерген, жауынгер серіктерінің батыры бейнесі жүрегінен өшпейтін, өзі де Отаны үшін тайсалмастан табанды ерлік жасаған ардагер ақсақалдарымыздың бірі – Ғаббас Жұматовты қазір ортамызда жоқ, бірақ абырой-намыс пен қайрат-күштің мәңгілік белгісі ретінде есімізде қала бермек.

Баспасөз қызметі




Университетте ғалым-математик, Қазақ КСР ҒА академигі Константин Персидскийдің өмірі мен қызметіне арналған «Өнегелі өмір» сериясымен шыққан кітаптың тұсаукесері өтті

К 120-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ К.И. САТПАЕВА

НОВЫЕ ШТРИХИ К ПОРТРЕТУ

В 1986 году на одном из научных семинаров в Китайском геологическом университете города Ухань я встретился с преподавателем русского и английского языков, профессором Чжоу Чаофань, которая была переводчицей Каныша Имантаевича Сатпаева, посетившего Пекин для участия в первой международной геологической конференции Китая.



Восхищенная глубиной знаний казахского ученого, его личным обаянием, скромностью и доброжелательностью, Чжоу Чаофань сохранила добрую память о выдающемся геологе. И только заслышав о том, что я приехал на стажировку из Казахстана, первым делом заговорила о давней, но не стершейся в памяти встрече с Канышем Сатпаевым.

Любовь к геологии сподвигнула и саму Чжоу Чаофань на создание «геологической» семьи: ее супруг – известный геолог Китая, профессор. Я подружился с этой семьей и часто бывал у них в гостях.

на полугодичную стажировку в Китай. По возвращении из Китая я не терял научных связей с коллегами из Поднебесной. В 1988 году, накануне 90-летия со дня рождения К.Сатпаева, я получил письмо от профессора Чжоу Чаофань на китайском языке, в котором подробно излагались ее впечатления от встречи с Канышем Имантаевичем. Содержание ее письма, которое я перевел на русский язык, вошло в книгу «Мои встречи с Китаем», вышедшей в свет в 1991 году. Вот как описывает доцент Чжоу Чаофань свое восхищение личностью выдающегося казахского ученого:

«Сейт Ахмерович!

12 января получила письмо, отправленное Вами 11 декабря. Очень рада получить известие от далекого друга.

Осенью 1957 года президент Академии наук Казахской ССР Каныш Имантаевич Сатпаев в составе представительной советской научной делегации приехал в Китай для участия в первой научной конференции по проблемам поисков месторождений полезных ископаемых. На конференции он представил содержательный доклад о результатах и перспективах геологического картирования и металлогенических исследований в Казахстане, что вызвало большой интерес у геологов Китая, ведь в это время в Китае была издана только одна геологическая карта масштаба 1:3 000 000. После конференции представители Министерства геологии Китая стали консультироваться со специалистами Советского Союза, в частности Казахстана, о методике проведения широкомасштабных геологических работ по поискам месторождений полезных ископаемых и металлогении по всей территории Китая.

В то время я была личной переводчицей Сатпаева, меня восхитил его новаторский стиль работы в геологии. Опираясь на огромные трудовые, материальные и финансовые ресурсы Советского Союза, он поднял изучение геологии страны на мировой уровень, обогнав ученых Англии, США и других развитых капиталистических стран, и в изучении металлогении ученые Казахстана занимали лидирующие позиции в мире.

Мне было очень интересно работать с ним, и я часто задавала ему вопросы. Отвечая на них, он одновременно интересовался моей учебной работой, условиями жизни. После окончания научной конференции мы отправились на экскурсию в Шанхай, с нами были советские и китайские товарищи – более десяти человек.

В пути К.И. Сатпаев не был привередлив к еде, жилью, его отличала скромность, мягкий и тактичный характер. В ходе непринужденной

地院备课用纸

Сейт Ахмерович!
 您 11 月 12 日 来 信 收 到 了。真 高 兴 得 想 说 万 分 感 谢。
 昆 明 地 质 学 院 院 长 凯 尼 斯 伊 曼 塔 耶 夫 萨 特 帕 耶 夫 同 志
 于 1957 年 秋 季 随 同 一 批 苏 联 高 级 科 学 家 来 华 考 察 中 国 地 质 学
 研 究 所 会 议 (地 志) 会 上 他 讲 了 关 于 哈 尔 滨 地 质 研 究 所 一 些 研 究 计 划 的
 报 告。在 萨 特 帕 耶 夫 同 志 领 导 下 哈 尔 滨 地 质 研 究 所 地 质 研 究 计 划 一 批
 一 批 调 查 填 绘 地 质 图 地 质 小 区 地 质 图 地 质 详 查 等 项 工 作 引 起
 中 国 地 质 学 界 的 关 注。中 国 地 质 学 界 有 一 些 1:3 000 000 的 地 质 图。从
 这 次 会 议 后 地 质 部 开 始 同 苏 联 学 习 有 计 划 有 领 导 地 开 展 空
 间 地 质 学 地 质 详 查 工 作。我 当 时 担 任 萨 特 帕 耶 夫 同 志 的 翻 译 工 作
 为 地 质 研 究 所 的 地 质 学 作 业 作 了 详 细 的 说 明。有 关 地 质 研 究 所 的 地 质 学
 人 员 均 力 力 能 事 关 计 划 地 质 图 调 查 等 项 工 作。想 这 样 还
 这 样 苏 联 学 习 地 质 学 可 算 是 世 界 第 一 流 的 地 质 学 研 究 所 在 本 国
 萨 特 帕 耶 夫 同 志 又 在 苏 联 考 察 地 质 学 时 对 地 质 学 作 业 的 研 究
 问 题 许 多 问 题。地 志 讲 高 兴 一 一 回 答 我 的 问 题。同 时 也 关
 心 我 的 学 习 生 活 情 况。会 议 结 束 后 我 又 陪 同 地 质 研 究 所 考 察
 团 到 外 国 地 质 研 究 所 的 中 国 团 友 一 共 有 十 多 人。萨 特 帕 耶 夫
 特 别 关 心 我 们 地 质 学 作 业 情 况 特 别 关 心 我 们 的 研 究 情 况。从 不 吝 惜

Всю свою жизнь я посвятила укреплению дружбы между Советским Союзом и Китаем. Была знакома со многими советскими профессорами и учеными-геологами, перевела много книг и учебников, написанных на русском языке для китайской геологической общественности. Я стала членом Всекитайского геологического общества, принимала участие в различных геологических совещаниях и конференциях, была переводчицей советских профессоров во время чтения ими лекций в вузах Китая. В общей сложности с русского языка на китайский перевела более десяти книг, издано много периодической литературы по геологии. В последние годы я преподаю русский язык в Китайском геологическом университете города Ухань, прилагаю все свои силы в деле укрепления научных связей между нашими странами.

Вот, таким образом портрет нашего выдающегося земляка, видного ученого и замечательного человека Каныша Имантаевича Сатпаева дополнился интересными и волнующими штрихами, написанными китайскими красками. Вес это в очередной раз убеждает нас в том, что Личность оставляет неизгладимый след повсюду, нет границ человеческому обаянию и доброте.

Как видим, нашего замечательного ученого помнят в Китае и есть люди, с кем Сатпаев непосредственно общался во время его заграничной командировки. Мне было интересно общаться с человеком, который тесно работал с Канышем Имантаевичем в Китае, и поделился своими воспоминаниями о нашем видном ученом-новаторе, возглавлявшем тогда казахстанскую школу геологов, одну из самых передовых в мире.



Сейт Ахмерович Кусаинов – географ-геоморфолог, китаевед, лауреат премии «Білім сардары», профессор факультета географии и природопользования КазНУ им. аль-Фараби. После окончания Пекинского университета, вернувшись в Казахстан, работал в геологическом институте АН КазССР, который возглавлял академик К.И. Сатпаев. Сейт Кусаинов - автор учебника «Жалпы геоморфология», учебных пособий: «Төрттік кезең геологиясы», «Неотектоника» и «Четвертичная геология».

Мы долго и интересно беседовали, отдавшись воспоминаниям. Я рассказал, что не только являюсь земляком кумира впечатлительной китайской переводчицы, но и долгие годы работал в возглавляемом Сатпаевым геологическом институте, куда был направлен в 1957 году Министерством высшего и среднего специального образования СССР с 3-го курса геолого-географического факультета КазГУ по программе обмена студентами с зарубежными странами. Там я прошел полный курс обучения, и в 1961 году, защитив диплом на китайском языке, вернулся на родину, стал работать научным сотрудником в секторе четвертичной геологии и геоморфологии Института геологии АН Каз. ССР. В 1978 году я стал преподавать в КазГУ, откуда и был направлен

КАЗАХСТАН – ЯПОНИЯ: ГОРИЗОНТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

«Современные тренды развития высшего образования: проблемы и перспективы» - круглый стол на эту тему состоялся в КазНУ им. аль-Фараби.

Организаторами мероприятия, объединившего педагогов, ученых, докторантов и магистрантов из Казахстана и Японии, выступили кафедра педагогики и образовательного менеджмента и кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ. Японскую сторону представляли профессора и молодые ученые Университета Цукуба, входящего в десятку лучших университетов Японии. Программу круглого стола составили научные доклады и презентации университетов.

Тематика докладов затрагивала актуальные проблемы педагогической науки: опыт и задачи интернационализации высшего образования, структура среднего и высшего образования, система образования на протяжении всей жизни. Модератор мероприятия профессор, д.п.н. А.С. Магауова рассказала о сотрудничестве с Университетом Цукуба, что стало важной составляющей деятельности казахстанских ученых, представляющих такие университеты, как КазНУ, КазНПУ имени Абая, КарГУ имени Е. Букетова, Университет Туран и другие. Декан факультета философии и политологии КазНУ д.ф.н. А.Р. Масалимова в своем приветственном слове пожелала участникам мероприятия успешной работы.

Профессор Университета Цукуба Ходака Фуджи выразил благодарность принимающей стороне за гостеприимство. Он отметил, что научные стажировки, международные конференции и совместные проекты, безусловно, являются примером реализации идей педагогической компаративистики на практике. Ассистент профессора Ходака Фуджи К. Тастанбекова представила презентацию об

наук, сделала сравнительный анализ японской и казахстанской образовательной политики в области среднего и высшего образования. Директор научно-исследовательского института права Университета Туран профессор, д.ю.н. Т.К. Акимжанов и доцент кафедры криминалистики КарГУ имени Е. Букетова, к.ю.н. Б.А. Аманжолова рассказали о научной стажировке, которую они прошли в Университете Цукуба.

Участники Круглого стола отметили, что в настоящее время Япония является не только одной из ведущих стран мира по уровню промышленно-технического развития, но и страной с высоким уровнем общей грамотности.

Реформирование системы образования в нашей стране продолжается, ученая общественность и педагоги-практики в поиске путей выхода из кризиса образования, преодоления тех ошибок, которые все же допускались в течение последних лет. На наш взгляд, нам следует присмотреться не только к западной, но и к восточной, «азиатской» модели образования и воспитания. Примером такого рода является система образования Страны восходящего солнца. Высокий общественный статус Учителя, почитание старшего поколения, воспитание учтивости, скромности, дисциплинированности, целеустремленности - эти и другие качества характерны не только японскому, но и казахскому характеру. Стремление сохранить родной язык, многовековые культурные традиции, преемственность поколений, передать подрастающей молодежи

национальные традиции и менталитет, безусловно, позволяет увидеть сходные, родственные черты в ментальности народов Азии, в том числе казахов и японцев.

Японцы, синтезировав все последние достижения педагогической науки с особенностями построения японского социума, смогли обеспечить своей стране не только впечатляющие темпы роста экономики, но и достаточно высокий уровень жизни. Поэтому можно с уверенностью сказать, что львиная доля экономического и социального развития этой страны является следствием грамотно построенной системы образования.

Ж.Х. САЛХАНОВА,

д.п.н., профессор кафедры

русской филологии и мировой литературы;

А.С. МАГАУОВА,

д.п.н., профессор кафедры

педагогической и образовательного менеджмента

■ ӘЛ-ФАРАБИ – 1550 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы және «Кіші Фараби академиясы» ұйымдастыруымен «Фарабитану: тарихы мен дамуы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелдің басты қонағы философия ғылымдарының докторы, профессор, белгілі фарабитанушы ғалым Ғалия Құрманғалиева болды.

«ФАРАБИТАНУ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ»



Дөңгелек үстел барысында 1967 жылы Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу тобы А.Ж. Машановтың бастауымен құрылғанын, 1975 жылы А.Х. Қасымжановтың тікелей басшылығымен әл-Фарабиге байланысты үлкен халықаралық ғылыми практикалық конференция ұйымдастырылғаны жайлы маңызды мәліметтер айтылды. Сонымен қатар әл-Фарабидің еңбектерін жинастыру, зерттеу, аудару, қазақ және орыс тілдерінде бастырып шығаруда Фарабитанушы ғалымдар А. Қасымжанов, А. Көбесов, М. Бұрабаев, Ә.Дерібәсалиевтің елеулі үлес қосқаны жайлы, тарихшылар А. Бернштам мен К. Акышевтың зерттеулері нәтижесінде әл-Фарабидің Оңтүстік Қазақстан территориясын қоныстанған түркі тілдес тайпалардың өкілі екендігінің анықталуы жайлы жас фарабитанушыларға бакалавриат студенттер мен магистранттарға қызықты да керекті мағлұматтар келтірілді.

Дөңгелек үстел барысында «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жүргізіліп жатқан «Smart City – Ізгілікті қала» концепциясының арасындағы байланысы мен өзектілігі жайлы әр түрлі пікірлер қамтылды. Әрі Фараби мұрасына қызығушылық білдірген жалынды студенттер келген қонағымызға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауап ала білді.

Философия мамандығы бойынша 2-ші курс студенті Ернат Мырза: «Әл-Фарабидің айналыспаған ғылым саласы жоқ екендігін бәрімізге мәлім. Соның ішінде музыка өнерінің алатын орны жайлы айтып өтсеңіз?», - деп сауал тастады. Дөңгелек үстел қонағы Ғалия Құрманғалиева: «Иә, өте орынды сұрақ. Әл-Фараби тектен-тек әлемнің екінші ұстазы бола қойған жоқ. Ол ғылымның қай саласында болсын әл-Фарабидің есімі алтын еріппен жазулы. Әл-Фараби музыка саласы бойынша көптеген ғылыми еңбектер жазғаны белгілі соның ішінде ең қомақтысы «Музыканың үлкен кітабы» деп аталады. Жалпы ел аңыздарына сүйенетін болсақ, ғалым Нышан абызбен, Қорқытпен таныс болған деседі. Өзі «Шұбар Айғыр» күйін шығарған деген деректер бар», - деп жауап берді.

Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жөніндегі еңбектерінің маңызды болатын себебі, ол өз заманындағы музыкалық аспаптарды зерттегендігінде еді. Олар: үрлеп тартылатын: най, сыбызғы, қыпшақ; ішекті уд, чанг, рубаб, шахруд, дутар, қобыз, танбур, канун; ұрып ойналатын: нагора, тыйбл, дойра және басқалар. Ол жазған аспаптардың

кейбірі бұл күнде жоқ немесе жетілдіріле келе дәуір өзгерген. Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дауысқа балап соны қайта жаңғыртумен байланыстырады.

Философия мамандығының 1-ші курс студенті Дамир Каримов «Әл-Фараби дүниетанымындағы философия және дін арақатынасы туралы не айтасыз?»,- деп сауал тастады.

Бұл сауалға да студент тұщымды жауап ала білді. «Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасында философия және дін арасындағы қатынас мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Философтың дінге қатысты ойларын «Әріптер кітабы», «Дін туралы кітап және өзге де мәтіндер», «Бақытқа қол жеткізу», «Саяси билік», «Қайырымды қала тұрғындарының ойлары» атты еңбектерінен табамыз», - дейді Ғ.Құрманғалиева.

Әл-Фараби дін философиядан кейін, ал қалам мен мұсылман құқы діннен кейін пайда болады деп санайды. Философия мен діннің қайсысының екінші пайда болғаны әл-Фараби үшін маңызды болып көрінеді.

Орта ғасыр кезеңінде әсіресе әл-Фараби өзінің философиялық жүйелі ойларымен, ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты өзінің жарқын ойларын таныта отырып әлемдік ғылымға өзіндік ізін қалдырды.

Академик М.М. Хайруллаев айтқандай, «Әл-Фараби философиясы Ибн Баджа, Ибн Туфейль және Ибн Рушд секілді аса көрнекті ғалымдарды дүниеге әкелген XI-XIII ғ.ғ. «арабтық» Испания және Солтүстік Африкадағы алдыңғы қоғамдық-философиялық ойлардың дамуына шешуші ықпалын тигізді» дейді.

Дөңгелек үстел өте жоғары деңгейде еркін ой негізінде өтті, алдағы уақытта «Кіші Фараби академиясы» әл-Фарабидің мұрасын жас ұрпаққа таныту мақсатында тағы да басқа көптеген іс-шаралар ұйымдастырмақ. Назарларыңыз бізбен бірге болсын.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,

«Кіші Фараби академиясының» жетекшісі,

философия

кафедрасының доценті;

Дамир КАРИМОВ,

философия кафедрасының студенті

География және табиғатты пайдалану факультеті, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы, кадастр мамандығының 3 курс студенті Орынбасар Байтурбай екі жыл қатарынан «Үздік студент» төсбелгісінің иегері болып отыр.

ЕЛІМІЗДІҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ

хатымен, Алматы қаласы «Жас Отан» Жастар Қанатының бірнеше Алғыс хаттарымен марапатталды. Университеттік «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының факультет бойынша Алғыс хаттарымен және «QuiZZona» атты ұйымаралық жарысында көрсеткен белсенділігі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бойынша «Жас Отан» Жастар Қанаты, Алматы қаласы «Жас Отан» ЖҚ мүшесі, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының факультет бойынша мүшесі және белсендісі орна кәзіргі уақытқа дейін География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «GeoZemKad» атты студенттердің ғылыми клубының төрағасы қызметтерін атқарып келеді.

«Фараби әлемі», «Ономастика шыңы» атты конференция жұмысының жинағына және «Жаркент өңірі», Республикалық «Тағылым», «Qazaq bilimi» журналдарына жарияланған көптеген мақалалар авторы.

Конституция үстемдігін қамтамасыз ету бойынша жазылған эссе конкурсынан ҚР Конституциялық кеңес сертификатымен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультеті, Кеден, қаржы, экологиялық құқық кафедрасында V-ші «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясының I орын, География және табиғатты пайдалану факультеті бойынша II орын иегері. Филология және әлем тілдері факультетінің «Ономастика-Қоғам-Уақыт» атты студенттердің Республикалық ғылыми конференциясының сертификатымен және III дәрежелі дипломмен марапатталған. «Рухани жаңғыру» ақпараттық



сараптамалық орталығы және «Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған 2017-2018 оқу жылының «100 үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік ақпараттық мақала» номинациясының I орын иегері және құрмет грамотасымен марапатталған.

Оқудағы жеткен жетістіктері мен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін «Dostyk Travel» компаниясы тағайындаған арнайы стипендия иегері. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін бірнеше рет ата-анасы және мектебі алғыс хаттармен марапатталған.

«Мосты согласия» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Үздік студент» жобасы төсбелгі иегері. Осы жылы «Bilim-Orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстанның

болашағы жастар» атты Республикалық конференциясына, Республикалық «Жылдың үздік студенті» төсбелгісімен және «Жас Қыран» атты талантты жастардың кітап жинағына екінші мәрте еніп отыр. Біздің үздік студентті осындай жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз! География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы да ерекше жұмысы үшін Алғыс хатпен марапаттап, әрқашан үздік студентке қолдау білдіруде.

**Ж.К. МУКАЛИЕВ,
А.А. БЕККУЛИЕВ,**

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушылары

Алматы қаласындағы Жас көрермен театрында негізін қалаушы Наталия Сақтың 115-жылдығына арналған «Күн шеңбері» (Солнечный круг) атты гала-концерт өтті. Оған мектеп оқушылары мен студенттер қатысты.

СТУДЕНТТІК ТЕАТРЛАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?



үнсіз рольдерді ойнау әлдеқайда күрделі. Егер адам талпынып, өз-өзімен жұмыс істейтін болса, кемшіліктер ақырындап жойылады. Нәтижесінде сахнада мүлде басқа адам пайда болады. Тіпті аналары сахнадағы баласының образын көре отырып, өз перзенттерін танымай қалады. Бізде мұндай жағдай орын алған. Өте тыныш, сыпайы бірінші курстың қызы Бұзық, шулы адамның ролін сомдады: айқайлады, шынғырды т.б. актриса өз ролін 100 пайызға ойнап шықты. Қойылымды тамашалауға алыстан келген қыздың анасы қатты таңқалып, қойылым аяқталғаннан кейін алғысын айтты: «Қызым үшін, сіздерге рахмет! Мен он сегіз жыл ішінде қызымды мұндай кейіпте көрген емеспін», - деді. Сахна өзіңді шындауға барлық мүмкіндіктерді береді.

Әрине, мектеп немесе студенттік театрлар өте қажет. Бұл шығармашылық. Бұл шындалу, бойдағы мүмкіндіктерді дамыту. Бұл жүрекпен атқарылатын жұмыс. Театрдың мәні – адамның жүрек пернелерін ояту, ар-намысына қозғау салу.

Ал егер бұл балалар немесе студенттік театр болса - баланы таңғажайыпқа аттандыру. Осыдан жүз немесе үш жүз жылғы құндылықтар өз маңызын жоймаған: рухани тәрбие, адами құндылықтарды бала бойына сіңіру, таңқалдыру, қуанту және ләззат алуға үйрету. Бала үшін театрға бару үлкен қуаныш, мейрам болуы керек. Мұны ата-аналар мен мұғалімдер

ұғынғаны да абзал.

Заманауи театр таңқалдырып, қиялға қанат бітіруі тиіс. Бізді гаджеттерден айыруы тиіс. Біз комедия мен классикалық қойылымдарды қоямыз. Ұмтыламыз жана әдіс-тәсілдерді іздейміз. Айта кететін жайт, ондаған жылдар бойы сыншыларды: «Классиканы заманауиландыру қажет пе?» деген сұрақ мазалайды. Неге заманауиландырмасқа? Бірақ бұл іске салмақтылықпен қараған жөн автордың ой мен түпкілікті идеясы сақталуы қажет.

Көптеген жастар мен жасөспірімдер классикалық әдебиетті қызықсыз деп санайды, сондықтан оны оқымайды. Мені бұл жайт аландатады. Жасөспірімдер өткен ғасырда жазылған әдебиеттің тілін түсінбейді, себебі сол елдің тарихын білмейді. Мүмкін, қызықты әрі қайталанбас театр қойылымдары жастардың классикалық мәтіндерге деген қызығушылығын оятар? Бірақ бұл іс үлкен жауапкершілік пен байыптылықты талап етеді. Бастысы – автор идеясы сақталып, түпкілікті ойы көрерменге жеткізілуі тиіс.

Театр көп қызметті (функция). Тәрбиелеу. Түсіндіру. Көрсету. Өнерге махаббатты ояту. Қызықтыру. Бірақ барлығын да ақылмен («ақыл» сөзінен), жастарға бағытталған орындау керек. Жас көрерменнің ойын негізге алып, театр клубтарын ұйымдастырып, жастарды пікірсайысқа итермелеп отыруымыз қажет.

Санкт-Петербург. Александрия театры (Александринский театр). Н. Гогольдің «Үйлену» (Женитьба) шығармасы. Барлық актерлер конькиде. Керемет қойылым! Режиссердің керемет ой табысы. Классикалық қойылымның қандай болуы қажет екенін көрсетті! Сонымен бірге - терең мағыналы! Мен қойылымды осыдан бірнеше жыл бұрын көрдім, бірақ алған әсерім әлі де жадыма.

Соңғысы: заманауи технологиялар жастарды театрдан алшақтатты деп уақытты кінәлаудың қажеті жоқ. Сол техниканы қолдана отырып, жаңа жолдарды, жаңа әдістерді іздеу қажет. Жақсы, қызықты классикалық қойылымдарға билеттер жетпей қалып та жатады!

Ең алдымен, Н.Сац атындағы ЖҚТ-дың «Күн шеңбері» (Солнечный круг) фестивалінің ұйымдастырушыларына үлкен алғыс білдіреміз. Бұл жақсы ұйымдастырылған жұмыс. Екіншіден, жыл сайын жаңа конкурстардың саны артып келе жатқаны қуантады. ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің студенттері де оған қуана қатысады және олар өз тараптарынан мақала етіп жазады. Фестивальдардың барлығында дерлік біздің студенттік баспасөз ұйымында жүреді. Екі пайдалы қыры бар: қойылым көрдің – жаздың, талдадың.

Әрбір үлкен шаһарда жабдықталған сахнасы, жарық пен музыкасы, арнаулы тігілген костюмдері, кәсіби актерлері бар бірнеше кәсіби театрлар бар.

Ал біз... біз үйренушілер, театрды жақсы көретін кәсіпқоймыз. Бірақ біз театрды жақсы көріп қана қоймай, оны жасай да аламыз.

Лариса НОДА,
*журналистика факультетінің аға оқытушысы,
Халықаралық Пушкин атындағы байқаудың лауреаты,
ҚазҰУ «Әйдос» театрының көркемдік жетекшісі;
Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,
ф.ғ.к., доцент*

Үшінші мыңжылдықтағы ЖАСТАР САЯСАТЫ

Философия және саясаттану факультеті саясаттану және саяси технологиялар кафедрасында VI Халықаралық Фараби оқулары аясында «Үшінші мыңжылдықтағы жастар: саясаты туралы дискуссиясы» атты секциясын ұйымдастырып, оған кафедра оқытушылары мен студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысты.



Әрбір баяндама жан-жақты талқыланып, нәтижесінде «Саясаттану» мамандығының 2-курс студенті Б. Ошан «Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясындағы сараптамалық талдау орталықтарының маңызы» атты тақырыпта 1-орын иегері атанды. Ал 2-орын А. Шайқұлова, А. Бейсенбаеваға бұйырса, 3-орынды Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1-курс студенті А. Гроц пен «Саясаттану» мамандығының 1-курс магистранттары П.Жарылқасынова мен М. Назарова иеленді.

Аталмыш шараға қатысушылар бір-бірінің ғылыми ізденістері тақырыптарына қызығушылық танытып сұрақтар қойып, пікір алмасты.

Қазіргі таңда саясат туралы өз ойларын нақты әрі ашық саналы түрде жеткіз өте маңызды.

Осы орайда кафедра студенттері сапалы білім алуда деп айтуға толық негіз бар. Өйткені «Үшінші мыңжылдықтағы жастар: саясаты туралы дискуссиясы» атты секцияның мақсаты да осы болатын, шара барысында студенттер қазіргі таңдағы көптеген мәселелерге ғылыми көзқарас пен ізденіс тұрғысынан қарауы оларды келешекте кәсіби маман болуына себепші болатындығын аңғартты.

А. АБЖАППАРОВА,
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ғылыми-инновациялық және халықаралық қызметтестік жұмыс бойынша орынбасары

Биылғы дәстүрлі бизнес-инкубаторлар жобасына Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясынан студенттер тобы жасақталып, екі жоба қатысты. Бірі «Кел ойнайық, ойлайық» деген атаумен үй жайындағы қуыршақ театры болса, екіншісі «Сауатты тамақтану» деген атпен сапалы өнімнен жасалған студенттерге арналған фреш тағамы. «Кел ойнайық, ойлайық» жобасы жүлделі үшінші орын алды.

Ұлттық дүниетанымды кеңейтетін жобалар

Осы жобаның артынан ілі-шала «Фараби форумы» аясында филология және әлем тілдері факультетінде екі старт-ап жобасының («Кел, ойнайық, ойлайық», «Алшы») презентациясы өтті. Екі жобаның ерекшелігі ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Екі жоба да үй жайында ойналады. «Кел, ойнайық, ойлайық» жобасында ата-аналар қуыршақтарды қолға киіп, үйде отырып театр қойылымын қоя алады. Оған арнайы ертегі кітапшасы дайындалған. Бір бетінде ертегінің бала дүниетанымындағы маңызы баяндалса, екінші бетінде заманауи үлгідегі 8 ертегі жазылған. Ата-анамен бала арасындағы байланыс (кері байланыс) орнатуда үлкен көмек құралы болып саналады. Екінші жоба «Алшы» деп аталады. Жоба авторларының мақсаты: асық ойынының ұмытылып, мүлде

ойналмай, ережелерінің сақталмай, ойнаудың өзіндік сырларының (техникасының) жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау, ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу. Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау. Сонымен қатар қазір далада балалар асық ойнамайтындықтан, үй жайында ойналатын асық ойынының үлгісін ұсынып отыр. Арнайы қорапқа салынған асықтар мен асық ойынының ережелері жазылған кітапша, асық ойынының техникасы жазылған видео-диск қоса берілген.

Бұл екі жоба да қазақ отбасыларының балаларына жасалған үлкен сый болатынына сенімдіміз.

Е.КӘРІБОВ,
доцент



На кафедре русской филологии и мировой литературы факультета филологии и мировых языков регулярно проводится воспитательная работа по развитию у студентов ценностных ориентаций, нравственной, эстетической культуры. Стало традицией посещать музеи, театры и кинотеатры.

Студенты 1 курса специальностей «Филология» и «Казахский язык и литература», а также студенты из Турции, которые обучаются по академической мобильности, впервые посетили один из старейших театров города - Государственный академический русский театр драмы им. М. Лермонтова.

Ещё до начала спектакля они окунулись в удивительную атмосферу театра — мир прекрасного. Фотографии, афиши спектаклей, экспозиции, сценические костюмы артистов театра... Студенты с интересом посмотрели комедию К. Манье «Ищите женщину» о бедном художнике Блэзе. Действие постановки разворачивается в Париже — городе художников и поэтов.

В МИРЕ ПРЕКРАСНОГО



После просмотра спектакля мы с увлечением обсудили сюжет, идею, персонажей, поделились впечатлениями. Посещение театров развивает эстетический вкус, обогащает духовный мир, эрудицию. К примеру, название спектакля восходит к крылатому французскому выражению «Шерше ля фам», которое буквально означает «ищите женщину».

Студенты зарядились положительными эмоциями от просмотра и выразили желание посещать театры и впредь.

Ж.Т. АБДУЛЛАЕВА,
кандидат филологических наук,
и.о. доцента кафедры русской филологии
и мировой литературы

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ЖЕТИСТІККЕ ЖЕТКІҢ, КЕЛСЕ...

Жетістікке жетудің баршаға айқын бір ғана жолы анықталса, миллиардерлер, ғалымдар не әлемді өзгертушілердің саны әлдеқайда жоғары болар ма еді?! Біреу күні-түні еңбектеніп, енді бірі өзін дамытуға күшін аямай жетістікке жетіп жатады. Дегенмен соларды біріктіретін 5 әдет бар.

1. Жұмысқа қатысты емес кітап оқу
2. Комфорт аймағынан шыға білу
3. Спортпен шұғылдану
4. Көмек қолын созу
5. Жиі серуендеу



Дереккөз: Массажет. kz

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №636

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.